



КОНКУРС «Астана и Президент»

**Ералы Ару,
№ 8 орта мектептің 9 сынып оқушысы**

Садағаң кетейік, айналайын халқым!

Сенің мүддең жолыңда бойындағы

қуат,

ойдағы нәрдің бәрін сарп етуге

бейілмін

Н.Ә.Назарбаев

Сенің де талай түсті-ау сергелденге,

Сын аз ба халыққа серт берген Ерге.

«Елім» деп шырқыраған Өзіңізді

Ұқсатамын Күлтегіндей кемеңгерге, - деп белгілі ақын Жадыра Дәрібаева жырлағандай, әлем қартасынан ойып орын алған Қазақстан атты жас мемлекеттің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – артынан ерген қалың елінің сеніміне ие болған, әлемге өзінің сындарлы саясатымен танымал болған тұлға.

«Атаның баласы болма,

Адамның баласы бол», - деп Абай атамыз айтқандай қарапайым қазақ отбасында туып-өсіп, тәрбиеленіп, ата өсиетін, ана ғибратын өмірлік азық еткен Президенттің ғажайып парасаты мен пайымы, ұлтжандылығы жас ұрпақ біздер үшін өнеге. Адамзат баласына, күллі әлемге танымал болған осындай Елбасымыздың барына қуанамын да, мақтанамын да!

Ең әуелі анасын, ана тілін сүйген Президент былай деп толғанады:

- Ана тілі бәріміздің анамыз, өйткені ол ұлтымыздың анасы. Сол үшін де Елбасымыз жарғақ құлағы жастыққа тимей, халқының қамы, тілінің тазалығы үшін талмай еңбек етіп келеді.

- Толыққанды тілсіз толыққанда ұлт болуы мүмкін емес. Бұл да Президенттің туған ойларының бірі.

Қазақ халқының қаншама жылдар, ғасырлар бойы ұлы арманы – тәуелсіздікке XX ғасыр соңында қантөгіссіз, дау-жанжалсыз қол жеткізгені әлемге аян. Айналадағы өзге мемлекеттерге, кешегі бауырлас делінген одақтас республикалардағы соғыстар, қантөгістер күні бүгінге дейін жалғасып отыр.

Халқымыздың арғы тарихын айтпағанда, Кеңес Одағы ыдырап, әрбір республика өз алдына шаңырақ көтерген кездегі Қазақстанның саяси хал-ахуалына да оңай болмағаны белгілі. Ғасырлар бойы отаршылдық саясат салдарынан өз жерінде азшылдыққа ұшырап, тілі,

дінен толық ажыраудың алдындағы байырғы ұлт қазақ халқының негізінде жеке мемлекет орнайды дегенге күмәнмен қарағандар көп болды. Бұндай өз ұлтымыздан да молынан табылып жатты. Осынау сындарлы кезеңде замана жүгін қайыспай көтеріп, тәуелсіздік көшін алға жетелеген Нұрсұлтан Әбішұлы «Асықсақ асығайық, алайда аптықпайық. Бәрі де жөнімен келеді», - деп артынан елге халқын сабыр мен салқындыққа шақырады.

Ұлттар бірлігін қамтамасыз ете отырып Президент өз халқына, ұлтына зор сенім жүктейді: «Өз ұлтын сүю, шын мәнінде нағыз қазақ болу – өз ұлт өкілдеріне астамшылдықпен қарау деген сөз емес», - деп ескерте келе:»Мемлекетіміздің діңгегі – қазақ халқы. Ел де, жер де – қазақтыкі. Ел болудың ұяты да біздің жұрттың мойнында» - деп өз халқының алдына ауыр міндет жүктейді. Міне, Елбасымыз айтқан осынау ойлардан шыға білу біздер үшін, әрине, жас ұрпақ үшін зор парыз болмақ.

«XXI ғасыр қазақ халқының жұлдызы жанатын ғасыр болатынына сенемін», - деп атап көрсете отырып, Президент мынандай ой-түйіндерді де жас ұрпақтарға аманаттап отыр: « Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ. Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін!». Бұл әрі сабақ әрі ащы шындық екені рас.

Президентіміз арқылы күллі әлем Қазақстанды тани түсуде. Елбасымыз шетелдерге әрбір сапары қанатымен су тасыған қарлығаштың тіршілігіндей ел қамы екені даусыз.

Елбасымыз!

Халқымызды бір сынадың!

Шырқаттың да келешектің ұлы әнін

Көш шеруін бастап кеттің Арқаға,

Жүректерде жаңғырықты ұраның.

Бірі қоштап,

Бірі: - Мұны бекер ғып...-

Десті: - Бұған дәулет қайда жетерлік!..

«Тәуекелі тастай жігіт екен!» - деп,

Басын шайқап таңғалады шетелдік, - деген екен Қайрат Жұмағали ағамыз. Осы шумақтың өзінен-ақ, астананы Алматыдан Астанаға көшіру кездерінде, әрине, оңай болған жоқ.

Президентіміздің арқасында Астанамыз күн сайын өсіп келеді. «Ғасыр емес, елу жылда ел жаңа» - деген елу жыл емес, бой көтеріп, іргетасын қалағанына аз жыл болса да, ежелгі Есіл бойында қанатын кең жайып, сәулетті де сәнді ордаға айналуға. Озық ел, мәдениетті дамыған елдер қатарына қосылу үшін ұрпағымыздың білім дәрежесі артып, рухани байлығы мол болуы керек.

Астанада талай, талай мамандық алатын білім ошақтары құрылуда. Институт-университет, колледж-училищелер т.б ғылыммен шұғылдана ұрпаққа жағдай жасалып, айқара енген асу ашуда.

«Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе!» деген ғой халқым, мен де осындай көрікті де сәулетті әсем қала Астанада білім алсам деп ойлаймын. Адам баласында арман көп болғаны жақсы ғой, өйткені арман өрге жетелейді, сондықтан сабағымды

жақсы оқып, мол білім қорымен терең де мазмұнды сусындап, орта білімді жақсы аяқтасам, мен де сол білім ордасында арманымға жетермін деген тілегім бар.

Астананы көркейту Арқа адамдарына арқалаған ауыр да салмақты жүгі емес, бүкіл атам қазақ баласының алдында тұрған асыл міндеті болып саналады. Сондықтан да Үш жүздің – Алтай мен Атырауды, Баян мен сұлу Көкшенің, Сыр мен Ұлытаудың білек сыбанған қыз-ұлдары білек түрініп кірісіп еді, аққу қанат Астана қанатын жайып, дәулет пен сәулеттің оты ошағында жанып, жан-жағына шұғыласын шашқаны кімге болса да аян.

Астана туралы айтар сөз асқаралы таудай биік, байлығымдай алапат мол, бірақ жер тар... Тек, Тұманбай ағамыздың мына сөзімен аяқтауды жөн көрдім:

Аман бол, қазағымның арыстаны,

Жер соғып қала берсін алысқаны.

Бәрін ал, алам деген биігіңнің,

Жарық ал жұлдыздардан алыстағы.

Үмітпен ертеңіне қарады ұл-қыз,

Бір нұрға жана толды жанарымыз.

Астана, жаңа Астана, жас Астана,

Жерге кеп қона қалған дара жұлдыз...

Келешек ұрпақ Астана десе Нұрсұлтан, Нұрсұлтан деп атын айтса, елбасының Астана деп қатар айтатын сөзі болады.

Елбасымыз еліне сенеді, елі Елбасына сенеді. Жас ұрпақ, біздер де ертеңімізді Президентімізбен, оның нұсқаған басым бағыттары арқылы елестете аламыз.